

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 27 ақпандағы № 37 "2009 жылға аудан бойынша халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 30 шілдедегі № 137 қаулысы. Ақтөбе облысының Темір аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 24 тамызда № 3-10-112 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 16 наурыздағы N 38 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 16 наурыздағы N 38 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңның 7-бабына сәйкес және әлеуметтік жұмыс орындарын берушіден қайта келіп түскен ұсынысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 27 ақпандағы № 37 «2009 жылға аудан бойынша халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы» қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-10-101 болып тіркелген, 2009 жылғы 19 наурыздағы «Темір» газетінде № 12 жарияланған), 2009 жылғы 6 мамырдағы № 86 қаулысымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-10-107 болып тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымдағы «Темір» газетінде № 24 жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2009 жылға халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің тізбесінде:

«Темір қалалық округі бойынша» деген жол мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын «Арыстанбай» шаруа қожалығы (келісім бойынша) 6 адам».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Ө т е п о в к е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енді және алғаш рет бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Қаниев

Аудан әкімдігінің
30 шілдедегі
қаулысымен бекітілген

2009
№

ЖЫЛҒЫ
137

2009 жылға халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің тізбесі:

Темір қалалық округі бойынша
"Арыстанбай" шаруа қожалығы / келісім бойынша К.Абдрахманов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК